

Международный научно-популярный журнал  
ISSN 2073-333X

# Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№4 (60) 2018



Филология факультеті

**Құрылтайшы:**  
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**  
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»  
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал**  
**Международный научно-популярный журнал**  
**International popular-science journal**

**№4(60) 2018**

**ФИЛОЛОГИЯ**

**Астана 2018**

### ТМД елдеріндегі редакция өкілдігі:

Мәскеу ММУ:	проф. Матвеева А.А.	ұялы тел.: +7 (916) 526-44-29
Мәскеу:	проф. Лебедев С.Я.	ұялы тел.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	ұялы тел.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	ұялы тел.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. В.П. Коняхин	ұялы тел.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	ұялы тел.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	ұялы тел.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	ұялы тел.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	ұялы тел.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	ұялы тел.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	ұялы тел.: + 992907702120
Бішкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	ұялы тел.: + 996555753058
Бішкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	ұялы тел.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	ұялы тел.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	ұялы тел.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	ұялы тел.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	ұялы тел.: +7 (902) 260-15-54

### Представительство редакция в СНГ:

Москва МГУ:	проф. Матвеева А.А.	моб.: +7 (916) 526-44-29
Москва:	проф. Лебедев С.Я.	моб.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	моб.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	моб.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. Коняхин В.П.	моб.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	моб.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	моб.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	моб.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	моб.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	моб.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	моб.: + 992907702120
Бишкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	моб.: + 996555753058
Бишкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	моб.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	моб.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	моб.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	моб.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	моб.: +7 (902) 260-15-54

---

Веб-сайт: [www.nauka-zan.kz](http://www.nauka-zan.kz) e-mail: [nauka-zan@mail.ru](mailto:nauka-zan@mail.ru)

#### Журнал редакциясының мекен жайы:

Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау, Түлкібас көш., 49 үй

#### Адрес редакции журнала:

г. Астана, Алматинский район, Юго-Восток, правая сторона, ул. Тулкибас, д.49.

**Главный редактор:** д.ю.н., профессор Алауханов Е.О. +7 701 111 8828;

**Научный редактор:** к.ф.н., доцент Абдиева Роза Серикбаевна, 87013323407

**Хуатбекұлы Ерманат**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторанты, eгema\_k91@mail.ru

**Баязитов Бақытхожа Байгожаұлы**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы  
кафедрасының оқытушысы, e-mail: bbaqyt@gmail.com

## ЕЛ БАСҚАРУҒА ТӘН ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

*Түйін.* Мақалада ел басқару ісінде белгілі жетістіктерге қол жеткізген екі президенттің ой-толғаныстары, сөйлеген сөздері салыстырыла талданады. Ел басшысына тән қасиеттердің көрініс табуы Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев пен түрік көсемі М. Кемалдың әр жылдары жарық көрген еңбектеріндегі ойлары, сөздері негізге алынды. Өзара ұқсастықтардың уақыт айырмашылығына қарамастан атқарған қызметтеріне сай кездеседі. Тарихтан үлгі алу екі басшыға да ортақ қасиет екені айқын көрінді.

*Түйін сөздер.* Елбасы, президент, ой-толғаныстар, сөздер, жастар, салыстырмалы талдау.

*Аннотация.* В статье анализируются выступления и мышления двух президентов, которые добились значительного прогресса в управлении страной. Проявление характерной черты лидера страны было основано на мыслях и словах президента Н. Назарбаева и турецкого лидера М. Кемала в их различных работах. Взаимное сходство соответствует тому, что они сделали независимо от разницы во времени. Было ясно, что пример истории является общим достоянием для обоих лидеров.

*Ключевые слова.* Елбасы, президент, мышление, выступление, молодежь, сравнительный анализ.

*Abstract.* The article analyzes the speeches and thinking of the two presidents, who have made significant progress in governing the country. The manifestation of the characteristic feature of the country's leader was based on the thoughts and words of President N. Nazarbayev and Turkish leader M. Kemal in their various works. Mutual similarity corresponds to what they did regardless of the time difference. It was clear that the example of history is a common property for both leaders.

*Key words.* Elbasy, president, thinking, speech, youth, comparative analysis.

### Кіріспе

Бір елдің көшін бастап, қаз-қатар қалпында ыдыратпай алып жүру жауапкершілігі мол, сындарлы уақыт. Ал, қаншама жылдық тарихы бар, рухани қазынасы мол елдің бір сәттік уығы шайқалып, қатарға қайта келген уақытында елдің алдына шығып жөн көрсету, тізгінің екі басын тең ұстап алып жүру, ол даналық. Қазақ халқы 1991 жылы өз азаттығын әлемге паш етіп, өз туы, өз әнұраны, өз елтаңбасы бар мемлекет болғалы ел тізгінін ұстап, қаншама келелі істер атқарып, ішкі-сыртқы бірлігін мығым ұстауға ұйытқы болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы 26 жыл ішінде қандай жүйелі дүниелер жасады, қандай даналық ойлар айтты соны талдай отырып, сұлтандық дәуір ыдырап 1922 жылы билік басына келіп күллі түрік мемлекетінің бірлігіне, елдің қуаттылығына жанын салып қызмет еткен, Түріктің Атасы деген асқақ атаққа ие болған Мұстафа Кемал Ататүрік арасындағы ел басқару ісінде, жастарға айтқан өсиеттері арасындағы ұқсастықтарды көрсетіп, екі елдің де алғашқы Президенттерінің ел болашағына деген қандай мақсаттар қойғаны хақында еңбектеріне шолу жасап, салыстырмалы түрде айтатын боламыз.

### Мемлекет қазығының беріктігі неде?

«Ел болам десең – бесігінді түзе» – деп М. Әуезов айтқан өсиеттің танымы тереңде жатыр. Ол сөздің қаншалықты құнды екендігі анықтап жатуды қажет етпейді. Елдің келешегі, мүддесі туралы Алаш арыстары да аз толғанған жоқ. Ал, ел болып еңсе көтерген уақытта мемлекеттің қазығын берік қылу үшін әуелгі қадамды неден бастаған дұрыс? Елбасымыз өзінің өзекжарды ойларымен бөліскен шағында осы туралы да бірер ойларын айтады: «Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [1. 8]. Яғни, арғыға, ата-бабалар мұрасына көз жүгіртуіміз абзал. Ұлт руханиятын бойына сіңірген ұрпақтың отанға адал, тілі таза, сертке берік, танымы терең, тәуекелден тартынбайтын болат мінезді болатындығын бір ауыз сөздің астарына сиғызып өтеді. Ұлттық руханиятымыз әуелі халық даналығында: аңыз-әпсаналарымызды, бабаларымыздан қалған мұраларымызды бойымызға сіңірумен қатар сал-дәстүр, әдет ғұрпымызды терең білуіміз қажет. Оның қайнары әрине қазақ әдебиетінде жатыр. Ұлттық болмысымызды қалыптастыруды мақсат еткен Елбасы: «Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің президенттік те, перзенттік те парызым» [1. 10] – дейді. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген аталы сөзді жадында тұтқан ұлт қамқоршысы, әрқашан елмен бірге жасап, елмен бірге

биік мақсаттарға талпына білді. Сөз аяғын менің «Президенттік парызым» деп аяқтаса да болар еді, алайда, халықтың ұлы ешқашан өзін халықтан жоғары қоймады. Сол елдің перзенті болған соң сол елдің мүддесі үшін бар болмысыңмен қызмет етуді өзіне міндет етіп қойды және басқалардан да соны талап етті.

«Бүгін ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеу керек» [1. 12]. Бірлік болған жерде бітім де бар, береке де бар. Өзінің әр сөзінде бірлік пен берекені, адалдық пен асқақтықты алға ұстайтын Н. Назарбаевтың «ақыны да, әкімі де» деген сөзде үлкен мағына жатыр. Н. Назарбаев неге «әкімі де, ақыны да» демеді? Себебі сөзге тоқтаған халқымыз қашанда от тілді, орақ ауызды ел ардақтыларына, шешендеріне, билеріне әрқашан сый-құрметпен қараған. Ата салтымызға қанық Көшбасшымыз да осы қағиданы берік ұстана отырып «ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеу керек» дейді.

Ел басқару ісінде болашақты гүлдендіру үшін өткеннен өнеге алу міндетті дүние. Бізге азаттықтың қандай ауыр жолмен келгенін толықтай біліп, сезінген уақытта ғана оның қадірін біліп, қастер тұта аласың. Н. Назарбаев халық алдына шығып сөйлеген уақытында әрқашан арғы-бергі тарихты мысал ете отырып, бабалар сөзіне тоқталып өтеді. Қаншама қиын сынақтардан өткендігіміз туралы жай сөз етіп қоймай, ол хақында көлемді дүниелер де жазып, еңбектер де атқара білді. Азаттықтың жемісін біз жеп отырсақ, сол үшін қасық қаны қалғанша еңбек еткен арыстарымызды бір сәт естен шығармауымызды нұсқады: «Біз бүгін бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз» [2. 11]. Тамырын тереңге жайған тарихымыздың қай парағын ашып қарасаң да үлкен кеңістікті алып жатқан қазақ даласының бір пұшпағын да жатқа бермеу үшін қанын төккен бабаларымыздың ерлігін көреміз. Сол ерліктер жөнінде сөз қозғағанда, шеңгелде болған жетпіс жылдың төңірегін ғана қаузап қоймай күллі тарихымызды білуге шақырады. Ертедегі Сақ пен Ғұннан бастау алған ерліктерімізді әр қазақ баласының танып өсуі келешегіміздің кепілі екендігін ескерген Елбасымыз «тарихтың әр тұсында» елін қорғаған ерлеріміздің алдындағы қарызымызды ұмытпауымызды баса көрсетеді.

Тамыры бір, арғы тарихы астасып, бергі тарихы ұлт аралық байланысқа ұласқан түрік халқының беріктігіне орасан үлесін қосып, халқын соңынан ерте білген М. Кемал: «Kültür işlerimiz üzerine, ulusça gönüllerimizin titrediğini bilirsiniz. Bu işlerin başında da Türk tarihini doğru temelleri üstüne kurmak, öz Türk diline değeri olan genişliği vermek için candan çalışılmakta olduğunu söylemeliyim. Bu çalışmaların göz kamaştırıcı verimlere ereceğine şimdiden inanabilirsiniz» [3. 23]. Тұрақтылық үшін ұлттық мәдениеттің бірінші орында тұру қажеттігін көрсете отырып, Түрік тілінің бүгінгі мен болашағына басты назар аударады. Елдің елдігі сөз етілген тұста осы бір құндылықты жоғары қойғанда ғана елдің діңгегі берік болатынын сөзіне арқау етті.

Ел басқару ісінде көрегендік пен қатар шешендікті де меңгерген қос лидер де болашақ үшін атқарылатын істің басына елдің рухани құндылығын қояды: 1. Тіл. Тіл болмаса ұлт та болмайтынын атап өтеді. 2. Тарих. Тарихын білмеген ұлт болашағына қадам жасай алмайды. 3. Ұлттық мәдениет. Өзгеден ерекшелігімізде өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың болуынан, оны бойға сіңірмей атқарған істің барлығы құмға құйған сумен тең екендігін көрсетеді қос басшы да.

#### **Халықтың қорғаушысы да, қолдаушысы да жастар**

Елдің болашағы үшін жан-жақты дүниелерді атқарып жатқан Н. Назарбаев алдағы уақытта осы жауапкершілікті жастар атқаратынын тілге тиек етеді. «Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көксеріп, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа қазаққа ештеңе бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін» [4. 218]. Келешегі бар елдің көшін бастау – уақыты келгенде сол жастардың міндетінде екенін айтады. «Асыл тастан шығады. Ақыл жастан шығады» деген аталы сөздің ауаны осында жатыр. «Келмеске кеткен кешегі күнді аңсағандардың, өз балаларының обалына неліктен қалуы мүмкін?». 1. Ұлтжанды ұрпақ жойылады. 2. Өзіне сенімді жастардың қатары сирейді. 3. Істен гөрі сөзді жөн көріп, әрбір іске жүйесіз сын айтатын, өзі ол үшін тұяқ серппейтін тоғышарлар көбейеді. Алайда, бір кемшілік болса оны оңалтуды әр адам өзінен бастағаны абзал. Ол үшін жастар сауатты болғаны жөн. «Қазақтың ұл, қыздары өмірдің қай саласында да қабілетті екенін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлік техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымыздың... ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезгені абзал. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нартәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым» [4. 218-219]. Бұл жай ғана айтылып қалған сөз емес, іс жүзінде де өз жүйесін тауып, бүгінгі

таңда көптеген игі шаралардың атқарылып жатқандығы белгілі. Жастардың патриоттығын оятатын осы сөздерді әр қазақ баласы жадында ұстауға міндетті. Жастарға артылған міндет қай уақытта болса да өз құнын жойған емес. Себебі, бүгінгі жас ертеңгі лидер. М. Кемал түрік жастарына: «Eу Türk Gençliği: Birinci görevin; Türk bağımsızlığını, Türk Cumhuriyetini, sonsuzluğa değin korumak ve savunmaktır» [5. 666]. Ешкімге тәуелді болмауды насихаттаған, ол үшін әрдайым өзінің күшінді біліп, еліңді қорғауды жәй сөз ретінде айтып қана емес, талап етеді. Ол үшін қандай дүниелер жасау керектігін жіпке тізгендей көрсеткен М. Кемал, жастардың қандай жағдайға болмасын дайын тұруы керектігін, рухы мен отанға деген сүйіспеншілігі әрдайым жоғары, білікті де білімді, алғыр да батыр болуын айта келіп, елдің ішкі-сыртқы жағдайларының барлығын санаға түйіп, қолда ұстау керектігін талап етеді. Ол үшін: «Eу Türk istikbalinin evladı! İşte, bu ahval ve şerait içinde dahi vazifen; Yürk İstiklal ve Cumhuriyetini kurtarmaktır! Muhtaç olduğun kudret, damarlarındaki asil kanda mevcuttur!» [5. 666] Жастарға үлкен сеніммен қараған М. Кемал елдікті сақтап қалудың үлкен күші сендердің тамырларыңдағы асыл қанда деп тоқталады. Яғни, қандай жағдайда да қасқайып ерлік көрсете алатын түрік жастарына сенім білдіреді. Лидердің сөздері бүгінгі күні ұран болып айтылып жүруінің де сыры осында болар.

Жастардың ерік жігерін шыңдайтын рухты сөздер қай уақытта да қажет. Қос лидер де жастар туралы сөз қозғағанда: 1. Отанға деген махаббат. Қандай жағдайда болмасын отанды бірінші орынға қою және адал қызмет ету; 2. Жастарға қажет талап. Кез келген істе талап болмаса нәтиже де жоқ екендігін; 3. Жастардың білімді болуы. Білімді ұрпақ қана бәсекеге қабілетті бола алатынын, білім жоқ жерде өркениет жоғын насихаттайды; 4. Батырлық. Отан үшін жанын найзаның ұшына байлауға дайын тұрған жастардың бойында от болса, сол елдің келешегі жарқын екендігін айтады.

#### **Астана елдің кіндігі**

Елбасы Н. Назарбаев өзінің билікке келген уақытынан бері атқарған құнды дүниелерінің бірі Ел ордасын Алматыдан Астанаға ауыстыруы еді. Алғашында бұған көпшілігі үрке қарағанымен уақыт өте келе бұл істің дұрыстығына көзіміз жетті. Шығын ғана емес, уақыт алып жатқан, сары далаға орданы көшіргенде не ұтамыз деушілердің қатары да мол болғаны анық. «Бірақ бұл жерде, ең бастысы – астананы көшіруге мәжбүрлеуші, аңғарыла да, түсінікті бола да бермейтін кейбір себептер сілемін сезіне білу шарт» [6. 18]. Елдің жағдайы әлі оңала бермеген уақытта иен далаға Астананы көшіруге мәжбүр қылатын ол қандай себеп еді? Астана орталықта орналасуы шарт. Ескі ордамыз Алматы шекараға жақын жерде орналасуы алғашқы себептердің бірі болды. Басқа қалалардың да Астанамен байланыс жасауына ыңғайлы ортаны таңдауы, елдің ертеңі үшін жасалған қам еді. Бұл ретте Н. Назарбаев «астананы көшіру» үрдісіндегі ізашар атағынан үмітті емеспіз деуі сол уақыттағы тұтанған бықсыма сөзге құм құйды.

1923 жылы 13 қазанда бас қаласын Ыстамбұлдан Анкараға ауыстырғанда Түрк халқында да біраз тартыстар орын алғаны белгілі. М. Кемалдың орданы ауыстыруы туралы жиналысында қарсы шығушылардың болғанын да айтады. Алайда көпшілік қолдауымен ел орданың Анкара болғандығы белгілі. Қаншама жылдар бойы елдің астанасы болған Ыстамбұлды ауыстыруының себебін: «Baular, Lozan Antlaşması'nın eklerinden olan boşaltma tutanağı uygulandıktan sonra, her yeri düşman elşnden kurtulan Türkiye'nin, eylemsel olarak bütünlüğü gerçekleşmişti. Artık yeni Türkiye Devleti'nin başkentini yasa ile saptamak gerekiyordu» [5. 598] – деп, айта келіп қиын кезеңдерді бастан кешірген елдің, жаттан топырағымызды қорғау үшін елорданың қауіпсіз жерге ауыстырылуын ұсынған М. Кемал қилы заманда кемел әрекет жасай білген.

Елорданы мемлекеттің орта тұсына ауыстыруында негізгі ұстанымы ұштасқан екі басшының да түпкі мақсаты елдің тәуелсіздігінің беріктігі. Ыстамбұлдың теңіздің жағасында орналасуы әуелгі қауіптің бірі екендігі анық. Қандай жағдай болмасын астананың ең қауіпсіз жерде орналасуы елдің қауіпсіздігі болып саналады. Осыны жіті түсінген басшылар қаншама қарсылықтарға қарамастан, сол уақыттағы жағдаймен бақыласақ мүмкіндігі өте төмен кезеңде тәуекелге бел байлап, шешім қабылдай білуімен бүгінгі күнде мемлекетке жемісін беретін келелі іс атқарған.

#### **Қорытынды**

Біз осы мақаланы жазу барысында екі лидердің де ел басқару жолында жасаған көптеген игі шаралары мен атқарған істерінің куәсі болдық. Саясаттағы ой ұқсастықтары мен пікір қайшылықтарын да кезіктірдік. Бүгінгі мақалада ел басшыларының ел басқару ісіндегі ұқсас шешімдері мен ой ұқсастықтары арасындағы толағай бірізділіктің бір парасын ғана көрсетіп отырмыз. Әуелі елдің бірлігі үшін елдің тілін, тарихын, салт-дәстүрін бірінші орынға қойған саясаткерлердің осы құндылықтарды әдебиет айналасынан таба алатындығын ескеріп мақаламыздың әуелгі талдауына елдің келешегі қандай жағдайда мығым болатындығын көрсеткен еңбектерін пайдаландық.

Мақаламыздың екінші талдауында әдебиетке жаңалық әкелетін де жастар, әдебиеттің кешегісін бүгін насихаттайтын да жастар екенін ескеріп қос саясаткердің ел келешегіне деген жастардың жауапкершілігі, мақсат міндеттері сөз етілген ұшан теңіз еңбектерінен қысқаша ғана мысалдар келтірдік.

Көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін үшінші талдауымызда екі ел астанасының ауыстырылуы туралы қозғаған тұстарынан мысалдар келтіруіміздің себебі, тарихтың қай парағын ашып қарасаңыз да өз астаналарын ауыстырмаған мемлекеттердің қатары аз. Сол астанасын ауыстырған елдердің біразы бүгінгі уақытта үлкен держава болып отырғаны да белгілі. Елдің ертеңі астанамен тығыз байланыста болғандықтан ел басшыларының пікірлерін әдебиетте де талдауды дұрыс деп санадық.

Қорыта келгенде біздің бұл талдауымызда екі ел басшыларының пікір ұқсастықтары ғана сөз етіліп, қысқаша талдау жүргізілді. Ол дегеніміз пікір қайшылықтарының жоқ екендігін білдірмейді. Екі лидердің еңбектеріндегі өзгешелікті талдауды алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

#### *Пайдаланған әдебиеттер*

1. Назарбаев Н.Ә. *Өзекжарды ойлар.* – Алматы: Мектеп, 2003. – 172 б.
2. Назарбаев Н.Ә. *Ой бөлістім халқыммен.* – Алматы: Мектеп, 2006. – 248 б.
3. *Türk diline verilen önem //Aydın Tarihi, Sayı: 12, 1934, s. 23*
4. Назарбаев Н.Ә. *Қалың елім, қазағым / Құрастырған. Қ.Әлімқұлов, С.Балгабаев, М.Қасымбеков, Қ.Найманбаев.* – Алматы: Өнер, 1998. – 306 б.
5. *Atatürk M.K. Nutuk (Söylev).* – baskı: *Sayı yayınları, 2014.* – 704 s.
6. Назарбаев Н.Ә. *Еуразия жүрегінде.* – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 308 б.

Күдерінова Қ., Дүйсебекова Ж. «АУЫЗША ДАМЫҒАН ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН» ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ФИЛОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ (Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесі негізінде).....	74
Қыдырбаев Қ. А. АКУТ ДИАКРИТИКАСЫН ЖӨНІМЕН ҚОЛДАНАЙЫҚ, БОЛМАСА ... ..	79
Хуатбекұлы Е., Баязитов Б.Б. ЕЛ БАСҚАРУҒА ТӘН ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ .....	87
Мухамадиев Х.С., Алтаева А.Ш., УЧЕБНО-НАУЧНЫЙ ТЕКСТ КАК ОБЪЕКТ ЧТЕНИЯ И ПОНИМАНИЯ.....	91
Мухатаева А.Ж. СТРУКТУРНО – СЕМАНТИЧЕСКИЙ И ЭТИМОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЛЕКСИКИ КАЗАХСКОГО ЭПОСА .....	96
Жәлелова А.Е. КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУШІ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР .....	99
Жумағалиева М.Е., Бузаубагарова К.С. РОМАННАЯ СТИЛИСТИКА «АКБИЛЕК» Ж.АЙМАУТОВА.....	102
Калиева А.К., Иген Г.И. ПЕЙЗАЖДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДА .....	106
Иса Г. СӘУЛЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ДИСКУРСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕР .....	109
Маркабаева Г.Т., Жусупова А.М. КОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ (фрагменттік талдау) .....	113
Жәлелова А.Е КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕУ .....	116
Космуратова А.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ ЭМОТИВНОЙ ЛЕКСИКИ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ .....	120
Құрманбаева А. «КОСМЕТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР» ТЕРМИНЖҮЙЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ.....	123
Мухамадиев Х.С., Жаппар К.З., ЛИНГВОСПЕКТР ЭНЕРГИЙ В ЛИТЕРАТУРЕ NON-FICTION (посвящается ЭКСПО-2017).....	127
Мухатаева А.Ж., НАИМЕНОВАНИЯ ВООРУЖЕНИЯ БАТЫРА (по материалам казахского эпоса).....	132
Dossanova A., Utepova B., Abykenova Zh., Rakhymbaev A. LINGUISTIC CHARACTERISTICS OF CONCEPTS «БІЛІМ / KNOWLEDGE» IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES .....	135
Нурбаева А.М. ГЕНДЕРНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА В АСПЕКТЕ КОГНИТИВНОЙ ПОЭТИКИ.....	139
Нургазина М.Б., Усенова А.С. ФЕНОМЕН ВЕЖЛИВОСТИ И АФФЕКТИВНЫЙ КОМПОНЕНТ: ПРИНЦИПЫ ИХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В СТРУКТУРЕ РЕЧЕВОГО АКТА (к постановке проблемы) .....	142



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»  
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»  
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»**

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.  
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз)  
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал  
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,  
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.)  
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

**Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.**

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған заңтану, филология, педагогика, өнертану ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

**Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.**

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

**Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10 » июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.**

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы. Материалы редакцией не возвращаются.

**В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.**

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

---

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал**  
**№4 (60) 2018 жыл**

**Бас редактор:**

**«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов**

Басуға 01.06. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/8. Офсетті қағаз.  
Сандық басылыс. Көлемі 39 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №78.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,  
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: [www.nauka-zan.kz](http://www.nauka-zan.kz), e-mail: [nauka-zan@mail.ru](mailto:nauka-zan@mail.ru)